

**"Бурабай" мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің қорғалу аймағын белгілеу туралы"  
Ақмола облысы әкімдігінің 2007 жылғы 23 қаңтардағы N А-2/22 қаулысына өзгерістер  
енгізу туралы**

Ақмола облысы әкімдігінің 2007 жылғы 13 сәуірдегі N А-4/126 қаулысы. Ақмола облысының әділет департаментінде 2007 жылғы 15 мамырда N 3220 тіркелді.

« "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы"» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңына , "Заңға тәуелді нормативтік құқықтық кесімдерге мониторинг жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 тамыздағы N№817 қаулысына сәйкес Ақмола облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Бурабай" мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің қорғалу аймағын белгілеу туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2007 жылғы 23 қаңтардағы N№А-2/22 қаулысына ( Мемлекеттік тіркеу тізілімдемесінің Ақмола аймақтық бөлімінде 2007 жылы 7 наурызда N 3217 болып тіркелген, газеттерде: "Арқа Ажары" 2007 жылы 20 наурызда, " Ақмолинская правда" 2007 жылы 10 сәуірде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген "Бурабай" мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағында табиғатты пайдаланудың тәртібі мен режимін белгілейтін Ережелерінде:

1 - т а р а у д а " Ж а л п ы е р е ж е л е р " :

"орман қоры жерлері;" сөздері "орман қоры жерлері;" сөздерімен ауыстырылсын;

"Щучье қаласының жерлері;" сөздері алынып тасталсын;

2-тарауда "Ұлттық парк қорғалу аймағының режимі":

"Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңнамамен белгіленген тәртіпте қорғалу аймағында шаруашылықпен айналысатын табиғатты пайдаланушыларға қатысты Ұлттық парк аумағын қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекцияның бақылау құқықтары таралады." сөздері алынып тасталсын;

3-тарауда "Ұлттық парктің қорғалу аймағы аумағында табиғатты пайдалану тәртібі" :

"Ұлттық парктің қорғалу аймағында орналасқан елді мекендердің даму жобалары ( шекаралары мен бас жоспарлары )

Ұлттық парк дирекциясының келісімі болған жағдайда Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қаралады және бекітіледі, атап айтқанда:

нысандар құрылысына арналған жер учаскелерін таңдау;

елді мекендерді кеңейту және жаңаларын құру;

нысандардың құрылысын жүргізу, орналастыру, жобалау және пайдалану;

жаңа технологияларды енгізу;

зияндылығы жоғары класты өнеркәсіп объектілерінің құрылысын салу және п а й д а л а н у . "

"Ұлттық парктің қорғалу аймағының шекарасында"» сөздерінен кейінгі "Ұлттық парк дирекциясының келісімі бойынша" сөздері алынып тасталсын;

"әуесқойлық (спорттық) және кәсіби аң, балық аулау (парк дирекциясының ақылы негізде беретін жолдамалары мен лицензиялары бойынша);" сөздері "кәсіптік және әуесқой (спорттық) балық шаруашылығы;"»сөздерімен ауыстырылсын;

"мал бағу" сөздерінен кейінгі "(бағу нормаларына сәйкес)" сөздері алынып т а с т а л с ы н ;

"; қорғалу аймағы көлдерінің бальнеологиялық ресурстарын пайдаланудың ерекше тәртібі" сөздері алынып тасталсын.

2. Осы қаулы Ақмола облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*